

"Астана Медициналық Университеті "АҚ

**Тақырыбы:** Зардап шеккендер мен науқастарды  
жедел көмек көлігімен тасымалдау

Орындаған: Әлиасқарқызы А.  
539 топ

# Жоспар

## ● Кіріспе

1. *Жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету станциясының (бөлімшесі) жұмысы*
2. *Науқастар мен зардап шеккендерді шығару тәсілдері*
3. *Науқастар мен зардап шеккендерді жедел жәрдем көлігімен тасымалдау*
4. *Психикалық жағдайы нашар науқастарды фиксациялау және тасымалдау*
5. *Қорытынды*
6. *Қолданылған әдебиеттер тізімі*

# Кіріспе

## Тақырыптың мақсаты:

- науқастарды шығару тәсілдері мен тасымалдау техникасын қарастыру

- науқастар мен зардап шеккендерді шығару тәсілдерін үйрену;

- науқастар мен зардап шеккендерді жедел жәрдем көлігінде тасымалдауды үйрену;

- Психикалық жағдайы нашар науқастарды фиксациялау және тасымалдаудың негізгі принциптерін бөліп қарау.

## **Жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету**

**орталығы** халық өмірлерінің қауіпті жағдайларында төнгенде, жайсыз жағдайларда, ауыр өтетін жедел ауруларда, оқиға болған жерлерде, тексеру жерлерінде жедел және шұғыл медициналық көмекті ақысыз тәулік бойы көрсетеді.

Негізгі принциптері:

халыққа толық қол жеткізу;

халыққа дер кезінде көмек көрсетуі;

жоғары мамандандырылғын толық көлемді көмек көрсету;

қажетті медициналық мекемелерге науқастарды дер кезінде госпитализациялауды қамтамасыз ету.

**«Жедел»** деген ұғым медициналық көмек ішінде сыртқы және ішкі факторлармен шақырылатын патологиялық жағдайларға шұғыл медициналық көмек көрсету, яғни ауырлық дәрежесіне қарамай тез арада диагностикалық және емдік көмек көрсету.

**«Шұғыл жағдай»** деген ұғым адам организмдегі патологиялық жағдайдың салдарынан денсаулығының тез нашарлауы және өміріне қауіп төну деген мағынаны білдіреді.

Жедел көмек көрсеткіштері бар патологиялық жағдайлардың түрлері:

- жедел медициналық жәрдемсіз өлімге әкелетін өмірге қатер төну жағдайлары;
- өмірге қауіп жоқ, бірақ патологиялық жағдайға байланысты, түрлі қатер төнуі мүмкін;
- өмірге қауіп жоқ, бірақ науқастың жағдайын жеңілдету;
- науқас өміріне қауіп жоқ, бірақ айнала қоршаған адамдарды және науқастың өзін сақтандыру үшін көмек қажет.

**Жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету  
станциясының бригадалары шұғыл көмек көрсетуге  
жолданады:**

- жайсыз жағдайларда;
- өмірге қауіп төндіретін кенеттен болған ауруларда.
- көмекті арнайы медициналық көлікпен көрсетеді және тасымалдайды:
- босану кезінде, жүктілік ағымының асқынуында;
- бір жасқа дейінгі балалар;
- денсаулығының кенет нашарлауымен жүретін жедел және созылмалы аурулардың өршуінде, егер жолда медициналық көмекті қажет ететін болса;
- дәрігерлер емдеген науқастардың жағдайына байланысты санитарлық көлікпен тасымалдайтындарға.

**Оснащение врачебно-фельдшерской бригады отделения  
скорой медицинской помощи**

Резимационный набор



Токсикологический набор



Небулайзер



Глюкометр







## Тасымалдаудың түрлері мен тәсілдері

Жедел көмек көрсету көлігінде науқасты диагнозына байланысты басын немесе аяғын көтеріп зембілге жатқызып немесе отырғызып апарды. балаларды қолында көтеріп апарды. Фельдшер барлық жағдайда науқастың жанында болуы керек және жағдайын қадағалап, қажет жағдайда көмек көрсетуі керек. Фельдшердің рұқсатымен науқастың жанына туысы немесе танысы келуіне болады. Ал балалардың жанында міндетті түрде ата-анасы болуы керек.

## *Науқастар мен зардап шеккендерді шығару тәсілдері*

- Ең ыңғайлысы зембілмен шығару.

- зембілді ашу үшін оның түбіне тұрып, белбеуін шешіп тұтқасын тартып, тізесін тіреп, түзу болғанша ашады.



- Зардап шегушіні зембілге жатқызу үшін екі адам оның астына қолдарын қояды: біреуі басы мен арқасына, екіншісі – жамбас пен аяңына; бір уақытта көтеріп зембілге қояды.
- Шүйдесі мен арқасы зақымдалғандарды бүйірінен, іші жарақаттанғанда – арқасымен тізесін бүгіп, бет пен жақ жарақатында - басын бүйірге қаратып, мойын алдыңғы беті зақымдануында – басын кеудесіне енкейтіп жартылай отыру жағдайында орналастырамыз.



*Бір адаммен тасымалдаудың 3 тәсілі бар:*

**1 тәсіл:** бір тізесіне отырып, бір қолымен жамбасынан, екінші қолымен жаурын астынан, зардап шеккен мойынынан ұстап көтереді.

**2 тәсіл:** арқамен көтеру алыс арақашықтыққа арналған. Тасымалдаушы зардап шегушіні арқасымен, бір тізесімен отырғызып бөксесінен ұстап көтереді.


**3 тәсіл:** салыстырмалы алыс арақашықтықта иығында тасымалдау.



*Екі адаммен тасымалдаудың 2 тәсілі бар:*

**1 тәсіл:** бірінші тасымалдаушы қолтық астынан, екіншісі арқасымен тұрып аяғынан ұстайды.

**2 тәсіл:** «құлып» тасымал. Жиі төрт қолды біріктіреді; бірінші тасымалдаушы оң қолын сол қолының үстіне х тәрізді етіп қойып, сол қолымен екіншісінің оң қолын ұстайды.



*Науқастар мен зардап шеккендерді  
жәдел жәрдем қөлігімен тасымалдау*  
ЖЖК-де науқастарды тасымалдау үшін роликті  
дөңгелегі бар тығыз зембілдер қолданылады. Қазіргі  
кезде көпфункционалы зембіл қолданылады.





*Жарақаттық шок пен жедел қан кетуде* науқасты зембілде арқасымен жатқызып, аяқ жағын жоғары көтеріп тасымалдайды. Уақытша қан кетуді тоқтатып, сынықты шиналау жасалады. Рация арқылы ЖЖС диспетчері жақын орналасқан реанимация бөліміне айтып қояды.

*Жүрек жарақаты, ашық пневмоторакс, құрсақ қабырғасынан қан кету, іштің жабық жарақаты* кезінде бірден операциянды хирургия стационарына немесе реанимациянды бөлімге жеткізіледі. Хирургтар мен анестезиологтар бригадасы осы уақытқа дайын болуы керек.



*МИ бар науқастарда кардиогенді шок* жағдайында зембілде арқасымен жатқызып тасымалдайды. Толық физикалық тыныштықты қамтамасыз етеміз.

Транспортировканы жағдайы тұрақтанғанда ақырын және абайлап ДЗ көктамыр ішілік тамшылатып енгізіп, оксигенотерапия , ауырсыну синдромында азот тотығымен аналгезия жүргізіп атқарамыз. Жүрек пен тыныс алу тоқтағанда жүрекке тікелей емес массаж, ӨЖЖ маска арқылы, жүрекке адреналин енгіземіз. Әрбір 10-15мин сайын АҚ,пульс, ТАЖ өлшеп тұру керек.Бұл іс-шаралар стационарға жеткенге дейін атқарылып, науқасты кардиореанимация бригадасына тапсырады.

*Церебральды кома* жағдайындағы науқасты жатызып тасымалдайды. Басына мұз қойылады. Интубация және ӨЖЖ (қан, ликвор, құсық массасымен аспирацияланғанда) қажет болуы мүмкін. Құсық массалары тыныс жолына түспеу үшін басын бүйіріне бұру керек.

*Жедел уланумен* ауыр жағдайдағы науқастың асқазаның зонд арқылы шайып, қажет жағдайда ӨЖЖ жүргізіледі. ДЗ тамшылатып енгізіп тасымалдайды



*Өкпе ісінуі, бронхиалды астма, жедел өкпе жеткіліксіздігі* кезінде ұстаманы тоқтатқан соң жартылай отырғызып тасымалдайды. Жолда оксигенотерапия, ДЗ қайталама енгізу жүргізіледі.

*Босанатын әйелдерді* зембілде жатқызып тасымалдайды. Егер босану көлікте болса, зембілге стерильді жайма төсеп, нәрестені тудырып, кіндігін 5-6см жоғары қысқышпен қысып оны кеспейді. Нәрестеге стерилді жайма жауып, жылы жапқышпен орап анасының қасына жатқызады. Екеуін жақын орналасқан перзентханаға алып келеді.



*Инфекционды науқастарды* ЖЖС инфекционды бөлімі берген немесе санэпидстанция көлігімен тасымалдайды. Бірнеше науқасты бір жұқпамен ауырса ғана бірге тасымалдайды.

Егер тасымалдау кезінде науқас өліп қалса, мәйітті стационардың қабылдау бөліміне жеткізеді. ЖЖС бригада дәрігері жолаушы парақты толтырып, диагноз қояды. Қабылдау бөлімінің дәрігері қысқа ауру тарихын толтырып мәйітті ашуға жібереді.

## ***Психикалық жағдайы нашар науқастарды фиксациялау және тасымалдау***


Науқасты ауа-райына сәйкес киіндіріп, қолынан ұстап(қашып кетпес үшін) көлікке отырғызады. Науқасты 3 адам алып жүру керек: екеуі бүйірінен, үшіншісі – алдынан. Жолда науқасты қатаң бақылау.

*Айқын қозған науқасты* сақтықпен тасымалдау керек. Екі адам бүйірінен қырымен тұрып қолын шынтақ буынында бүктіріп ұстайды. Үшіншісі науқас қарсылық көрсетпес үшін артынан тұрады. Ең тиімдісі науқасты жатқызып тасымалдау.

*Агрессивті немесе суицидальды науқасты* фиксациялап, седативті препарат аминазин енгізеді. Тасымалдау кезінде науқасты қатаң бақылауға алу. Көлік есігін тығыз жабу керек.

## Тасымалдау принциптері

- Өкпе ісігі кезінде, бронхиальді демікпе ұстамасы кезінде, жүрек демікпесінде, тыныс жеткіліксіздігі кезінде науқасты горизонтальді күйде жатқызуға болмайды. Оларды отырған күйде тасымалдау қажет, ал балаларды қолда вертикальді ұстау керек.
- Өте ауыр жағдайдағы науқастарды тек қана реанимациялық топпен тасымалдау керек.
- Тасымалдаудың алдында науқастың жағдайын тұрақтандыруға арналған емдеу шараларының жиынтығын өткізу керек.



Правильное положение носилок при подъеме (а) и спуске (б).

### Қорытынды.

Шығару және тасымалдау тәсілі зардап шегушінің жарақатына байланысты. Егер науқас өзі зембілге бара алмаса оны қолмен көтереді. Ол үшін зембілді науқастың жанына қояды. Дәрігер мен екі көмекші науқастың қарсы бетіне өтіп, қолымен көтеріп зембілге орналастырады.

Кереуеттен алу үшін: носилканың аяқ жағын кереуеттің бас жағына перпендикулярлы қояды.

Тар бөлмелерде қолмен көтеріп шығарады, ал носилканы коридорға не баспалдаққа қояды.

Науқасты жедел жәрдем көлігіне тасымалдап, жолда жедел медициналық көмек көрсетеді.



## Әдебиеттер тізімі

1. Большая медицинская энциклопедия / Бас. ред. Б.В. Петровский.- М.: Советская энциклопедия, 1982.
2. Буянов В.М. Первая медицинская помощь. - М.: Медицина, 1978. Рожинский М.М., Катковский Г.Б. Оказание доврачебной помощи. - М.: Медицина, 1980. - 48 б.
3. Неотложные состояния и экстренная медицинская помощь: Справочник / Бас ред. Е.И. Чазова. - М.: Медицина, 1988. - 640 б.
4. Хван Т.А., Хван П.А. Безопасность жизнедеятельности. - Ростов н/Д: Феникс, 2001.